

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 9 ақпандағы N 189 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 6 желтоқсан N 189а

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 9 ақпандағы N 189 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 144 516 мың теңге (бір жүз қырық төрт миллион бес жүз он алты мың т е ң г е ) " ;

6-тармақтың кестесінде "Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар" деген 5-бағандағы "251" деген сан "243" деген санмен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 33-қосымшада:

2 - т а р м а қ т а :

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі N 163-І Заңының 8-бабы", "Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің жекелеген білім беру ұйымдарын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы N 1619 қаулысы" деген сөздер алынып тасталсын;

5-тармақтағы "жүргізу" деген сөз "кейіннен жүргізу үшін жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтың кестесінде "Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар" деген 5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу";

7-тармақтағы "акустикалық қасиеттері мен бүтін бір оқу-өндірістік кешенге айналдырылғандықтан, үлкен музыкалық аспаптар залының ғимаратын жақсы сақтай білу" деген сөздер "Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы Үлкен органдық залын қайта жаңартудың жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 64-қосымшада:

5 - т а р м а қ т а :

"білім берудің басқару жүйесін ақпараттандырудың 2-ші кезеңін техникалық тапсырмаларын әзірлеу" деген сөздер алынып тасталсын;

"Жүйені сатып алу, бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу және іске қосу" деген сөздер "Орта білім беру ақпараттық жүйесіне қосылатын мектептер үшін компьютерлік жабдықтар сатып алу" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтың кестесінде "Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар" деген 5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесі 2-фазасының бағдарламасы бойынша конкурс негізінде жабдықтар жиынтықтарын сатып алу: жұмыс станциясы - 30 дана; модем - 30 дана; принтер - 30 дана; қоректендіру блогы (UPS) - 30 дана.

Орта білім беру ақпараттық жүйесіне қосылатын мектептер үшін мынадай санда компьютерлік жабдықтар сатып алу: жұмыс станциясы - 124 дана; монитор - 124 дана; принтер - 22 дана; желілік жабдықтар - 20 дана; үздіксіз қоректендіру көзі - 124 дана";  
көрсетілген қаулыға 65-қосымшада:

6-тармақтың кестесінде "Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар" деген 5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес компьютерлік және ұйымдастыру техникасын, бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу". Жоспарланып отырған саны: компьютерлер - 59 дана, принтерлер - 44 дана, сканерлер - 11 дана, үздіксіз қоректендіру көздері - 20 дана, желілік концентратор - 1 дана, серверлер - 2 дана, көшіру аппараттары - 8 дана, CD-ReWriter - 2 дана, HUB - 5 дана, желілік сүзгі - 11 дана; бағдарламалық қамтамасыз ету - 2 жиынтық";  
көрсетілген қаулыға 66-қосымшада:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: жалпы адами құндылықтар негізінде рухани-иманды тұлғаны оқыту және тәрбиелеу, оқуға және өзінше білім алуға, адамның имандылық негіздерін қалыптастыруға тұрақты уәждемені дамыту, жан-жақты дамыған, үйлесімді адамды тәрбиелеу.";

5 - т а р м а қ т а :

"міндеттері:" деген сөзден кейін "Өзін-өзі тану" дайындық бөлімін және мектеп-гимназиясын ашу," деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақтың кестесінде "Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар" деген 5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Орталықты оқу-тәрбие процесіне дайындау жөнінде іс-шаралар өткізу.

Балалармен және жасөспірімдермен оқу-тәрбие процесін жүргізу. Демалыс ұйымдастыру және мәдени-көпшілік іс-шараларын өткізу.

Ғылыми-әдістемелік жұмыстар жүргізу, мұғалімдер үшін семинарлар ұйымдастыру.

Орта есеппен оқу-тәрбие іс-шараларынан дайындық бөлімі мен "Өзін-өзі тану" мектеп-гимназиясының 395 баласы өтеді.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: мектеп-гимназияның 45 балаға арналған дайындық бөлімін, 350 балаға арналған мектеп-гимназия ашу, балалар мен жасөспірімдерді Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес оқыту. Балаларды қосымша дамыту білім беру бағдарламаларын іске асыру. Мұғалімдер үшін семинарлар ұйымдастыру, "Өзін-өзі тану" пәні бойынша сабақ берудің жаңа әдістемесінің әзірленімдері.";

көрсетілген қаулыға 67-қосымшада:

2-тармақтағы "1999 жылғы 30 маусымдағы" деген сөздерден кейін "N 905" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақтағы ", ғылыми-әдістемелік жұмыс" деген сөздер алынып тасталсын;

6-тармақтың кестесінде "Бағдарламаны (шағын бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар" деген 5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Әлсіз және ауру балаларды, жетім балаларды, республиканың экологиялық қолайсыз аймақтарынан келген балаларды сауықтыру, оңалту, олардың демалысын ұйымдастыру және оқыту жөніндегі қызметтер көрсетуге ақы төлеу.

Бір келгенде (10 рет келеді) 101 баланы сауықтыру жөніндегі жоспарлы жұмыс."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*